

Қазақ халқының тұңғыш сиезі

1-ші апрельде Орынборда қазақ сиезі басталды. Сиезге келгендер алдымен программа жасады. Программа бойынша қаралған нәрселер: 1) Жаңа тәртіп жәйі: а) жаңа тәртіпті нығайту; б) комитеттер жасау; т) қалай жасау жобасын шығарып, сайлау басына кісі жіберу.

2) Сиездер: а) жалпы қазақ сиезі; б) барша мұсылмандар сиезіне уәкілдер жіберу.

3) Учредительный собрание. Торғай облысынан кандидаттар белгілеу.

4) Дін Һәм оқу мәселелері.

5) Жер мәселесі.

6) Сот: каронный Һәм народный.

7) Земство.

8) Баспасөздер.

9) Поштаны жөндеу.

10) Ақша мәселесі.

11) Зиянды мекемелерді Һәм чиновниктерді қалдыру.

12) Соғыс Һәм жұмысшылар.

13) Бүліншілік жүзіндегі мәселелер. Бұлардың баршасы сиездің кеңесіне түсіп, шешілді.

Енді сиездің сыр, сымбат жағына келелік. Орынборда болған сиез жаңа заман келіп жарық күн туып, нұрын шашқаннан бері қазақ ішінде ең үлкен, ең толық **бірінші, тұңғыш сиезі**.

Бұл сиезге келгендер саны 300 шамалы болды. Бұрынғы сиездерде жиналған жұрт көңілдегі ойын тілдегі сөзбен түгел айтып, әділдік, адамдық жағынан кеңесуге талай кідір, талай бұдырға жолығып, темір құрсаудан шығалмаушы еді. Ауызға қақпақ, аяққа тұсау салынушы еді. Күрмелген тіл, байланған жол ашылған соң сиездегі адамдар армансыз еркін сөйлесіп, ой, пікірін ауысып, программадағы мәселелерді түрлі жақтан тексеріп шықты.

Сиезге келгендер елдің алғы ығайы мен сығайы: ел баққан ақсақалдар мен мырзалар, дін басы моллалар, мұғалімдер, учителдер, адвокаттар, докторлар, судиялар, алаш баласына арта қалмай, бәйгеге қосылу жолында алпарысып жүрген азаматтар. Бұл айтылған жұрт адамдары Торғай мен Орал облыстарынан ғана емес. «Қазақ» газетінде сиезд Торғай мен Орал облыстарының қазақтары үшін делінсе де, басқа облыстардан, қалалардан да келгендер көп болды. Ақмола, Семей, Сырдария облыстарының, Бөкейліктің, Орынбор губерниясы мен Қазан, Уфа шаһарларының кісілері де сиезде болды. Бұлардан басқа сиезге Торғай облысына жаңа хукімет тарапынан комиссар сайланған Әлихан Бөкейханов келді.

Сиезде болған оқымысты адамдар: Орал облысынан 1-нші Г. Дума члены Алпысбай Калменов, доктор Ғайса Қашқынбаев, студент Кәрім Жаленов, доктор Ғұмыр Есенғұлов.

Торғай облысынан 1-нші Һәм 2-ші Г. Дума члены Ахмет Бірімжанов, студент Тел Жаманмұрынов. Троицкіден Жансұлтан Сейдалин, Жаһанша Сейдалин, студент Әбубәкір Әйімбетов. Бөкейліктен адвокат Уәлитхан Танашев, студент Шафһат Бекмұхамедов, Семей облысынан юрист Мұқыш Боштаев. Сырдария облысынан студент Мұстафа Шоқаев, Юсуфбек Басығарин. Ақмоладан Мағжан Жұмабаев.

Қазақ мұсылмандарының өкілі Ғабдрахман Фахаралдинов.

Орынбор ьәм Ақтөбе мұсылмандарының өкілдері Ғабдулғазиз Хасенов, Темірше Салаунов, Әмір Ғабдалганиев.

Сиез басталғаннан біткенше үздік-сыздық келушілер қосыла берді. Сөйтіп сиезге келушілердің санының толықтығы, қайдан ьәм кім екендігі Орынборда болған бұл сиезді қазақ болғаннан бері, орыс қол астына кіргеннен бері зор қалыпта құрылған тұңғыш сиез деуге сияды. Сиез айтылған 1-нші апрелден бастала берді. Алғашқы күні сиезге жиылған жұрттың есебін жазумен программа түзету болды. Келесі күні сиез құрылған үйде бір ауыздан председательдікке Ахмет Байтұрсынов сайланды. Ахмет Байтұрсыновты сайлау туралы Жансұлтан азырақ қиқарлық шықса да, қайтадан дауысқа салғанда сиездегі жиылған жұрт бірі қалмай қайтадан сайлады. Одан соң Байтұрсыновқа екі орын барса Танашев, Кәлменов, үш секретарь Алмасов, Кәдірбаев, Бекмұхамедов сайланды. Одан былайғы күндерде председатель ауысып отырады.

Сиезге басшылар сайлауы біткен соң сиезді құттықтаймын деп келген Торғай губернаторын жұрт бір ауыздан қабыл қылмай айдап шығарды. Әуелі председатель Байтұрсынов халықты бостандықпен құттықтады. Байтұрсыновтан соң «Уақыт» газетін шығарушы Фатих Каримов ноғай атынан барша қазақ бауырын құттықтады.

Құттықтау сөздер біткен соң бостандық қайдан, қалай болған жайын халыққа қасқайып қарап тұрып Міржақып Дулатов тарихи жолмен баяндады. Ай мен күндей ьәммеге бірдей бостандық тегін келмегендігін, талай сабаздар құрбандыққа шалынып, алысып, жұлысып, алпарысып отырып тартып алған бостандық екенін айтып келіп, қарасы өшкен ескі хукіметтің атқан оғы, шапқан қылышы, қаным бір қазақ едім деп ойламаған, халықты ескі хукіметпен бірге жеген, езген, бұл күнде көлгірлікпен, сыртымен қуанғансып іште жүрген, газетке цензур болған кезінде ел үшін айтылып жатқан істі ескермеген Ғабдрахман Машиев пен губернатор переводчигі Мұхамедияр Тұнғашин екеуін сиезге жолатпауды тілеп қарабеттігін мойнына салған соң сиездегі халық жуымасын, ішімізден шықсын, қарасын көрсетпесін деп Мұхамедияр Тұнғашинді қуып шықты. Машиев Орынборда жоқ еді.

Бұдан соң программадағы мәселелерді көптің кеңесіне салып отыру уақытты көп алатын болғандықтан, мәселелерді мәнісіне қарай үйлестіріп, 5 бөлек қылып, жеке-жеке қарайтын 5 комиссия сайланды. Бұлар көптің кеңесіне түспес бұрын өз ара әр қайсысы тиісті мәселені тексеріп барып, көптің алдына салып отырды.

Комиссияда күңгірт қалған жерлерін көп көрсетіп кеңеске алып отырды. Әр бір алған мәселе дауысқа салынып, көптің ұнатқаны мен қаулы қылды.

Сиезд программасындағы кеңеске түскен мәселелер қалай шешіліп, қандай қаулыға келгендігі келер номерде басылады.

Имам Әлімбаев
Қазақ. 1917. № 225. 12 апрель.